



Түркістан облысының білім басқармасының

Кентау қаласы білім бөлімінің

«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

«Бекітемін»

«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы

МККК-ның меңгерушісі

Г.С. Камалова



Өзін-өзі бағалау құрылымы

2025 жыл

Қазақстан Республикасы Түркістан облысы
Кентау қаласы, Қарнақ ауылы
«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 31 мамыр 2024 жылғы №20 бұйрығымен құрылды:

1. Г.С. Камалова – бақша меңгерушісі, комиссия төрайымы
2. Ф.Ш. Моминова-бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
3. Х.К. Тойметова- бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Г.М. Юлдашова- бақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы бақша ресми сайтында салынды.

1.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйым атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Кентау қаласы білім бөлімінің «Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2	Білім беру ұйымның орналасқан жері (заңды мекен-жайы)	Түркістан облысы, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы, Шаштөбе 107 А
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон 8707 597 85 80 Электрондық поштасы sunnatova96@mail.ru Вебсайт: http://jaukazyn-1.kz Фейсбук: https://www.facebook.com/yaslisad.jauqazin?mibextid=ZbWKwL
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Камалова Гузал Салманпорисовна Түркістан облысы, Кентау қаласы , Қарнақ ауылы әкімінің м.у.а Қ.Ахметовтың 2016 жыл 14 қарашадағы № 151 өкімімен тағайындалды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың /көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 13.09.2023 жылы өткен.Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.08.2016 тіркеу нөмірі: №420-1958-18-МК
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мемлекеттік лицензия 05.02.2024 ж №24005091 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы.
7	Құрылған жылы	1961 жылы
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты
9	Топтар саны	4 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі, орыс тілдерінде
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік

11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы минутпен	Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) Ересек топ (4 жастағы балалар) Ересек топ (4 жастағы балалар) Мектепалды топ (5 жастағы балалар)
13	МДҰ-ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 100 балаға арналған. 08.06.2017 жылы № Х.13.Х.KZ47VBS00071941 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген.

Бақша ғимараты ыңғайластырылған. Балабақша 100 орындық, 4 топ жұмыс жасайды. Әр топ жас ерекшеліктеріне қарай, топтастырылған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді, сағат 08.30- бастап 17.30 сағатқа дейін.

«Ромашка» ортаңғы топ (3 жастағы балалар), «Еркетай» ересек топ (4 жастағы балалар), «Байтерек» ересек топ (4 жастағы балалар), «Радуга» мектепалды топ (5 жастағы балалар). Балабақшада қабылдау бөлмесі, оқу-тәрбие, ойын бөлмесі, жатын, ыдыс жуатын, асхана, әкімшілік бөлмесі, медициналық бөлмесі мен қойма бар. Материалдық – техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі пеш арқылы қатты отынмен жылытылады. Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Бақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал-сайман жабдықтармен жабдықталған.

Бақша ауласы көгалдандырылған, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы өз дәрежесінде жабдықталған. Жеке топтарға арналған алаңдары, балалар ойнайтын құралдар көлеңкелі қоршау орындығымен гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған.

Бақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті;
- Әдіскер кабинеті;
- Есепші кабинеті;
- Медбике кабинеті;
- Шаруашылық меңгерушісі кабинеті;
- Теледидар-7 дана
- Компьютер- 4 дана
- Принтер- 3 дана

Әр топта «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Кітап бұрышы», «Табиғат бұрышы», білім дағдыларын дамытушы орталықтар жасақталған.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшем шарттарының
1-қосымшасы

**«Жауқазын-1» бөбекжай -бақшасының оқу бағдарламаларын іске асыратын
білім беру қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары**

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	-
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	

7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған 65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған 50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған 50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған 65%-дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған 50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған 50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5

2. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлық құрамды бекіту- «Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылында 14 педагог жұмыс атқарды.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» жоғары білімді - 13 педагог бар, орта білімді – 1 педагог бар.

Меңгеруші- басшы ұйымдастырушы, 1 тәрбиеші- педагог-сарапшы, 7 тәрбиеші- педагог-модератор, 5 педагог- санатсыз.

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломның көшірмелерінен қарастырылды.

1. **Камалова Гузал Салманпорисовна**- Білімі жоғары, Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университеті, 2015 жыл. Меңгеруші болып жұмыс істейді.
2. **Суннатова Мухлиса Каримқызы**- Білімі жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2019 жыл, әдіскер болып жұмыс істейді.
3. **Джанакоева Дилорам Пардабайовна** - Білімі жоғары, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; "Қазақ тілі мен әдебиеті" 2009 жыл. Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" 2018 жыл Қазақ тілі пәні мұғалімі болып жұмыс істейді
4. **Хасанова Фаридат Толкиновна** - Білім жоғары,Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті."Дене шынықтыру және спорт"2011жыл. Дене шынықтыру нұсқаушысы болып жұмыс істейді.
5. **Джумашева Мамура Бахтияровна** -Білімі жоғары ,Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті "Музыкалық білім"2022 жыл. Музыка пәні мұғалімі болып жұмыс істейді .
6. **Тойметова Хамра Куралбаевна**- Білімі жоғары, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" 2013ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
7. **Моминова Фариза Шухратовна**- Білімі жоғары, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; “ Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу” 2015 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
8. **Юлдашова Гулноз Маматкаримовна**-Білім- жоғары,Қазақстан инженерлік педагогикалық халықтар достығы университеті.Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу2015жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
9. **Хакимова Нихола Ньматовна**-Білімі жоғары. Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу"2015ж. Тәрбиеші болып жұмыс істейді.

10. **Абдираймова Динора Амирхановна**- Білімі-жоғары,Қазақстан инженерлі педагогикалық халықтар достығы университеті. "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" 2014 жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
11. **Зияева Диёра Мирзахановна**-Білімі жоғары,Аймақтық әлеуметтік -инновациялық университеті "Мектепке дейінгі оқыту және тарбиелеу" 2019 жыл.Тәрбиеші болып жұмыс істейді.
12. **Вахидова Умида Таировна** - Білімі жоғары. Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті “Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу” 2016 жыл Тәрбиеші болып жұмыс істейді
13. **Азизбаева Гузал Нургалиевна**-Білімі орта, Ташкент педагогикалық колледжі. “Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу” 2004 жыл. Тәрбиеші болып жұмыс істейді

Кентау қаласы, Қарнақ ауылы, «Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен басшылыққа алынып, белгіленген. Бөбекжай-бақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары бақша кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай-бақша қызметкерлеріне жеке іс-құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері (диплом көшірмелері) қоса жолданды.

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша
13%	13%	0%

Оқу жылдары	Жалпы педагогтар	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде ПШО
2022-2023 оқу жылы	14	6	6	0
2023-2024 оқу жылы	14	4	4	0
2024-2025 оқу жылы	13	3	3	0

«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагогтардың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тарбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізді. 2023-2024 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру

Салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыстар жүргізілуде.

«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық орынының педагогтары шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері:

№	Т.А.Ә	Республикалық деңгейдегі жетістіктер	Облыстық деңгейдегі жетістіктер	Қалалық деңгейдегі жетістіктер	Балабақша ішілік
1	Камалова Гузал Салманпорисовна	Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаментінің директоры М.Медетбекова «Алғыс хат» Астана қаласы, Министр Ғани Бейсембаев «Алғыс хаты»	Түркістан облысы өзбек этномәдени бірлестік төрағасы И.Б.Нишанкуловтың «Алғыс хаты» Төраға Б.Еркінбек «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» төс белгісі	Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Ауелбековтың «Алғыс хаты» Кентау қалалық мәслихаттың төрағасы Қ.Елеусізовтің «Алғыс хат» Кентау қаласының әкімі Ж.Тасов «Алғыс хат»	
2	Суннатова Мухлиса Каримқызы		Түркістан облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Б.Еркінбектің «Алғыс хат»	Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Ауелбековтың «Алғыс хаты», Кентау қаласы әкімі Ж.Тасовтың «Алғыс хат»	
3	Джанакоева Дилорам Пардабойовна		Түркістан облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Б.Еркінбектің «Алғыс хат»		
4	Хасанова Фарида Толкиновна		Түркістан облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Б.Еркінбектің «Алғыс хат» Төраға Б.Еркінбек «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» төс белгісі	Кентау қаласы әкімі Ж.Тасовтың «Алғыс хат» Қалалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы Т.Н. Садуов Мадақтама	

5	Жумашева Маьмура Бахтиераовна			Кентау қаласы мәслихат аппаратының басшысы С.Ақылбеков «Алғыс хат»	
6	Тойметова Хамра Куралбаевна			Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Ауелбековтың «Алғыс хаты», «AMANAT» партиясы Кентау қалалық филиалының атқарушы хатшысы А.Басаров «Алғыс»	«Жауқазын- 1» бөбекжай- бақшасы менгерушісі Г.С.Камалова «Алғыс хат»
7	Моминова Фариза Шухратовна			Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы Қ.Бейсенбиева «Алғыс хаты», Кентау қаласы білім бөлімінің А.Әуелбеков және Қалалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитеті Н.Садуов Мадақтама	«Жауқазын- 1» бөбекжай- бақшасы менгерушісі Г.С.Камалова «Мадақтама»
8	Юлдашова Гулназ Маматкаримовна		Түркістан облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Б.Еркінбектің «Алғыс хат»	Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Ауелбековтың «Алғыс хаты»,	
9	Хакимова Нихола Неъматовна			Кентау қаласы білім бөлімінің басшысы А.Ауелбековтың «Алғыс хаты»	«Жауқазын- 1» бөбекжай- бақшасы менгерушісі Г.С.Камалова «Алғыс хат»

«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасында 2024-2025 оқу жылдары бойынша білім беру ұйымында педагог-мамандары мен тәрбиеленушілердің перспективалық жоспарлары мен циклограмма құрылымы топтар бойынша 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген.

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми- әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі), «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми- әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған әдістемелік нұсқауы перспективалық жоспарлар жасау барысында басшылыққа алынған.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша физикалық дамыту:- коммуникативті дағдыларды дамыту:- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: -әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:1) дене шынықтыру, 2) жүзу, 3) сөйлеуді дамыту, 4) көркем әдебиет, 5) сауат ашу негіздері, 6) қазақ тілі, 7) сенсорика, 8) математика негіздері, 9) құрастыру, 10) қоршаған ортамен таныстыру, 11) сурет салу, 12) мүсіндеу, 13) жапсыру, 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.

Инновациялық технологиялар:

«Монтессори»

«Ойын технологиясы»

«Денсаулық» технологиясы

«Триз» технологиясы

«Мнемотехника» технологиясы

Ақпараттық-коммуникативтік технология

Дамытушы әдістер:

В.В.Воскобовичтың ойын әдісі

Н.А.Зайцевтің текшелері

Ф.Фребель ойын құралы

«Әуенді кесте»

3. Тәрбиеленушілер контингенттері

2024-2025 оқу жылында төрт топ жасақталды

Р/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Ортаңғы «Ромашка» тобы	3 жастағы балалар	25
2	Ересек «Еркетай» тобы	4 жастағы балалар	25
3	Ересек «Байтерек» тобы	4 жастағы балалар	25
4	Мектепалды «Радуга» тобы	5 жастағы балалар	25
	Барлығы		100

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:
«Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасы бойынша кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған.

Топ атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары			
			1	2	3	4
Ортаңғы «Ромашка» тобы	Орысша	25			25	
Ересек «Еркетай» тобы	Қазақша	25				25
Ересек «Байтерек» тобы	Қазақша	25				25
Мектепалды «Радуга» тобы	Орысша	25				25
Барлығы	100					

3. Тәрбиеленушілер контингенттері

2023-2024 оқу жылында төрт топ жасақталды

P/c	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Мектепалды «Ромашка» тобы	5 жастағы балалар	25
2	Ортаңғы «Еркетай» тобы	3 жастағы балалар	25
3	Ортаңғы «Байтерек» тобы	3 жастағы балалар	25
4	Ересек «Радуга» тобы	4 жастағы балалар	25
	Барлығы		100

2022-2023 оқу жылында төрт топ жасақталды

P/c	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Ересек «Ромашка» тобы	4 жастағы балалар	25
2	Ортаңғы «Еркетай» тобы	3 жастағы балалар	25
3	Ортаңғы «Байтерек» тобы	3 жастағы балалар	25
4	Мектепалды «Радуга» тобы	5 жастағы балалар	25
	Барлығы		100

4. Оқу әдістемелік жұмыс.

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі: Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 577 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту,
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық қасиеттерді дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру;
- 2) жүзу;
- 3)сөйлеуді дамыту;
- 4)көркем әдебиет;

- 5)сауат ашу негіздері;
- 6)қазақ тілі;
- 7)сенсорика ;
- 8)математика негіздері;
- 9)құрастыру;
- 10)қоршаған ортамен таныстыру;
- 11)сурет салу;
- 12)мүсіндеу;
- 13)жапсыру;
- 14)музыка;

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қалыптастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет.) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иа» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек мөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды тыңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін сомдауға және т.б мүмкіндік беріледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Кіші топтағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінді және олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Ортаңғы ересек топтары үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын еске отырып, басқа уақытта ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

«Жауқазын-1» бөбекжей-бақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету) ;
- педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығына арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығыны арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;
- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар , топтардағы оқу –тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Осы міндеттерді орындау мақсатында «Жауқазын-1» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу –тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі балалардың білім деңгейін анықтау мақсатында жылына 3 рет оқыту нәтижесі жүйесімен бақылау жүргізілді.

Бақылау бойынша:

Оқу жылының басында – бастапқы

I жарты жылдықта –аралық

II жарты жылдықта-қорытынды

Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 5 меңгеруші жанындағы кеңес, 5 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар

жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар – практикумдар өтіледі. Педагогикалық кеңесте каралған негізгі «Ұлттық құндылықтар балабақшада қалыптасады», «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері, зерттеу әдістері», «Балабақшаға арналған дидактикалық ойындар», «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыптарында баяндамалар оқылады.

